

ЖШС «Айсерік» бөбекжай-балабақшасы

2024-2025 оқу жылына

Консультациялық пунктiнiң негiзгi ақпараты

	Негiзгi ақпарат
Толық атауы	Қазығұрт ауданының бiлiм бөлiмiнiң «Айсерік» бөбекжай-бақшасы ЖШС
Мекен-жайы	Қазығұрт ауданы Сарапхана ауылы Шапағат 20
Электронь почтасы	Ayserik.balabaksha@mail.ru
Меңгерушiсi	Мауленова Лазат Рыстановна
Жұмыс уақыты	08.00 – 18.30
Мамандар	Әдiскер: Смадиярқызы М. Әдiскер/психолог: Даулеткелдиева А. Медбике:Әбдiоқап А.

ЖШС «Айсерік» бөбекжай-балабақшасы

Бекітемін:
«Айсерік» бөбекжай - балабақшасы
менгерушісі:
Л.Мауленова



Консультациялық пунктiнiң 2024-2025 оқу жылына арналған жұмыс жоспары

Айы	Тақырыбы	Жұмыс нысаны	Жауаптылар
Қыркүйек	Консультациялық пункттің 2023 – 2024 оқу жылына арналған жылдық жұмыс жоспарын бекіту.	Ақпарат жинау	Менгеруші
Қазан	Отбасы жағдайында баланың өмірін ұйымдастыру	Ата-аналармен әңгімелесу	Әдіскер
Қараша	Баланың өміріндегі күн тәртібі: балабақшадағы күн тәртібі қандай?	Консультация	Әдіскер
Желтоқсан	Мектеп жасына дейінгі балалардың психологиялық ерекшеліктері.	Консультация	Психолог
Қаңтар	Баланың өміріндегі ойын: балалармен қандай ойындар ойнаймыз? Қолдың ұсақ моторикасын дамытуға арналған ойындар.	Консультация	Әдіскер, тәрбиешілер
Ақпан	Балаларды мектепке дейінгі ұйымға бейімдеу.	Консультация	Әдіскер, тәрбиешілер
Наурыз	Баланың өміріндегі күн тәртібі: отбасында және балабақшада баланың тамақтануын ұйымдастыру.	Ата-аналармен әңгімелесу	Әдіскер мейірбике
Сәуір	Гигиеналық дағдылар мен әдеттерді қалыптастыру.	Ата-аналармен әңгімелесу	Әдіскер, тәрбиешілер

Мамыр	Балалар кітапханасы: балаларға қандай кітаптар оқимыз?	Ата-аналармен әңгімелесу	Әдіскер, психолог, тәрбиешілер
Маусым	Отбасындағы мерекелер. Біздің ойын-сауықтар.	Ата-аналармен әңгімелесу	Әдіскер, тәрбиешілер
Шілде	Баланы мақтау және айыптау. Қайтпек керек?	Консультация	Психолог
Тамыз	«Менің данышпан балам» тақырыбындағы ашық есік күні.	Дөңгелек үстел	МДҰ әкімшілігі

1.Консультациялық пункт жұмысын

ұйымдастыру қағидаттары:

- *құпиялылық қағидаты:* баланың және оның отбасының ерекшеліктері туралы ақпарат ата-анасының келісімінсіз жария етілмейді;
- *кешенділік қағидаты:* бала және оның отбасымен жұмысты әртүрлі профильдегі мамандар тобы жүзеге асырады;
- *ғылымилық қағидаты:* білім беру ұйымдары ұсынатын ақпарат сенімді және ғылыми негізге ие болуы керек;
- *қолжетімділік қағидаты:* ата-аналарға арналған барлық ақпарат қолжетімді түрде беріледі.

2. Ата-аналармен жұмысты ұйымдастырудың

негізгі нысандары

(заңды өкілдері):

- жеке және шағын топтық кеңестер;
- семинар-практикумдар;
- дөңгелек үстелдер;
- пікірталастар;
- тренингтер.

3. Балалармен жұмысты ұйымдастырудың негізгі нысандары:

- ұсынылған құжаттаманы талдау (медициналық карталар, анықтамалар, баланың даму картасы);
- жеке тексеру;
- жеке сабақтар.

Жеке сабақтарды мамандар консультациялық пункттің белгіленген кестесіне сәйкес жүргізеді.

Балаларға өткізілетін сабақтың ұзақтығы жас және жеке ерекшеліктерімен анықталады. Ата-аналарға 15-20 минут шамасында кеңес беру.

Консультациялардың үлгілік тақырыптары:

- балалардың жас, психофизиологиялық ерекшеліктері;
- мектепте оқуға дайындық;
- мектеп жасына дейінгі балалардың физикалық, психикалық және әлеуметтік дамуындағы әртүрлі ауытқулардың алдын алу;
- ойын іс-әрекетін ұйымдастыру;
- балаларды шынықтыру және т. б.

4. Консультациялық пунктке басшылық ету:

- консультациялық пунктке басшылықты мектепке дейінгі ұйымның меңгерушісі жүзеге асырады.

Мектепке дейінгі ұйымның басшысы:

- балалар және ата-аналармен консультациялық жұмыс жүргізу үшін жағдай жасауды қамтамасыз етеді;
- консультативтік-түзету жұмыстарын жүргізу үшін педагогтерді таңдайды.

Консультациялық пункттің қызметі білім беру басшысының және мектепке дейінгі ұйым меңгерушісінің шешімі бойынша тарату жолымен тоқтатылуы мүмкін.

5. Консультациялық пункт қызметінің мазмұны:

- консультациялық пунктте ата-аналарға (заңды өкілдерге) психологиялық-педагогикалық көмек ұйымдастыру мектепке дейінгі ұйым мамандарының қызметін интеграциялау негізінде құрылады;
- ата-аналарға (заңды өкілдерге) кеңес беруді бір уақытта бір немесе бірнеше маман жүргізе алады;
- консультациялық пункт жұмысына тартылған мамандардың саны мектепке дейінгі ұйымның штат кестесімен айқындалады;

- консультациялық пунктте ата-аналарға (заңды өкілдерге) арналған дәрістер, консультациялар, теориялық және практикалық семинарлар, мектепке дейінгі ұйым мамандарының мектеп жасына дейінгі балаларды диагностикалық тексерулері ұйымдастырылады.

ЖШС «Айсерік» бөбекжай-балабақшасы

Бекітемін:
«Айсерік» бөбекжай - балабақшасы
менгерушісі:
Л.Мауленова



Консультациялық пункт мамандарының жұмыс кестесі

Айы	Аптасы	Сағаты
Айдың бірінші аптасы Әдіскер Психолог Тәрбиеші	Сейсенбі	09.30-10.30
Айдың үшінші аптасы Әдіскер Медбике Психолог Тәрбиеші	Бейсенбі	16.30-17.00

Қазығұрт ауданының білім бөлімінің «Айсерік » бөбекжай – балабақшасы
ЖШС

Бұйрық №57

11.09.2024ж.

Махамбет е.м.

«Ата-аналарға консультациялық пунктiнiң қызметiн ұйымдастырудың үлгi ережесiн» негiзге ала отырып **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Төменгі құрамда педагогикалық және әлеуметтік қызметкерлердентұратын консультациялық пунктiнiң құрамы құрылсын.
Әдіскер-Смадиярқызы М.
Медбике-Әбдіоқап А.
Психолог-Даулеткелдиева А.
Тәрбиеші- Уразбаева К.
2. Консультациялық пункт жетекшісі Смадиярқызы М. жұмыс жоспары, жұмыс кестесі ата-аналармен жасалсын.
3. Консультациялық пункттың жұмысы туралы бөбекжай-бақшаның әлеуметтік желілеріне салынсын.
4. Осы бұйрықтың орындалуын балабақша әдіскері М.Смадиярқызы жүктелсін.

«Айсерік» б.б меңгерушісі:  Ж.Мауленова

